



# Қазақстандағы ашаршылық кезеңі





ОСЫ ЖЕРДЕ 1931-1933 Ж.Ж.  
АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫНА  
ЕСКЕРТКІШ ОРНАТЫЛАДЫ

НА ЭТОМ МЕСТЕ БУДЕТ  
УСТАНОВЛЕН ПАМЯТНИК  
ЖЕРТВАМ ГОЛОДА 1931-1933 Г.Г.

A stylized sun with a yellow center and rays, set against a blue background. A red lightning bolt is visible in the top left corner. A thought bubble containing a small figure is in the top right corner. The text is centered within a large, light blue oval frame.

**1919-1922**  
**жылдардағы аштық**

**Қазақстандағы 1919-1922 жылдардағы аштықтың бір себебі елдің бірнеше аймақтарында орын алған егіннің шықпай қалуы болды. Осы жағдайға байланысты кеңес үкіметі 1919 жылдың қаңтар айынан бастап «азық-түлікті тәркілеу» саясатын бастады. Бұл саясат кеңес үкіметінің 1918 жылдың 13 мамырынан бастап жүргізе бастаған азық-түлік диктатурасына сайма-сай дәл келген еді.**

**Қазақстанда егіншілікпен айналысушылардың көп болмауына байланысты большевиктер қазақтың малын кәмпескелеп алуды басты мақсат етіп қойды. 1919-1922 жылдардағы аштық негізінен алғанда Қазақстанның оңтүстік облыстарын шарпыды.**

**Жалпы алғанда, 1919-1922**  
**жылдардағы аштық кездерінде бір**  
**миллионнан астам қазақ аштан**  
**өлген.** Сол кездегі қазақтың  
санының бұл шамамен **20-22**  
**пайызын** құрайды. Дегенмен,  
қазақтың санын солқылдатып  
кұртқан **аштық отызыншы**  
**жылдары** орын алды.







A stylized sun with a yellow-to-orange gradient and green rays is centered in the background. A red lightning bolt is in the top left, and a purple-to-red gradient cloud is in the top right. A large, light blue oval with a dark blue border is in the foreground.

**1931-1933**  
**жылдардағы аштық**

Қазақтарды зорлап отырықшылдандыру  
**«Кіші Октябрь»** деп аталды. **«Кіші  
Октябрьдің»** негізгі дем берушісі,  
орындаушысы, патшаның отбасын атып  
тастауды ұйымдастырушылардың бірі  
**Филип Исаевич Голощекин** еді. Ол  
*1924 жылдың қазан айынан бастап  
1933 жылға дейін* Қазақстан  
компартиясының орталық комитетінің  
бірінші хатшысы қызметін атқарған.

Қазақстанда өткізген *алғашқы іс-шарасы* **1928 жылдың күзінде** өткізген малды кәмпескелеу болды. Кәмпескеге 700 шаруа қожалығы ілініп, олардан **150 мың мал басы** (ірі қара мал басына айналдырғанда) тәркіленді.

Бұл жердегі «ірі қара мал басына айналдырғанда» деген нені білдіреді?

**Бұл сталиндік  
статистиктердің мал басын  
азайтуды жасыру үшін ойлап  
шығарғаны болса керек.  
Статистиктердің айтуынша,  
бір ірі қара мал басы, мысалы  
1 сиыр - 2-3 шошқаға немесе  
10 қойға тең.**









[WWW.STAN.TV](http://WWW.STAN.TV)



# Тарихшы А.Н. Алексеенконың

жанына:



«...әртүрлі есептеулер мен  
түзетулерге сүйенгенде

**1930 жылғы қазақ**

**халқының қырылуы**

*1 млн. 840 мың адам*

**немесе жалпы қазақтың**

**47,3 пайызын құрайды.**

Бәрінен ең көп қырылған республиканың *шығысының қазақтары* болды. Бұл жақта 379,4 мың адам немесе **1930 жылғы халықтың 64,5 пайызын** құрады. Бұл аймақтың халқы көрші елдерге Ресей мен Қытайға жаппай ауып көше бастады.

**Солтүстік Қазақстан аймағы**  
қазақтардың жартысының көбінен  
- **410,1 мыңнан** немесе **52,3**  
пайызынан айрылды, **Батыс**  
**Қазақстан 394,7 мың** немесе **45,0**  
пайыз, **Оңтүстік** - **632,7** немесе **42,9**  
пайыз қазақтан айрылды. Аздау  
өлім **Орталық Қазақстанда** - **22,5**  
**мың** немесе осы аймақтың **15,6**  
пайызы орын алды.

**Жүздеген мың қазақ Қытай  
жағына қашты. Олардың  
көп көшкендігі сонша  
Қытайда 1954 жылы Іле-  
Қазақ автономиялық округі  
құрылып орталығы болып  
Құлжа қаласы белгіленді.**





[PUBLIC DOMAIN]









1969

**9 жасында алапат  
аштықты басынан  
кешіріп, бір үйлі  
жаннан жалғыз өзі тірі  
қалған жазушы**

**Өтебай Қанахинның**

**жазбасынан:**

**...аштықтан әлім бітіп, көзім  
қарауытып, есім бірде кірсе, бірде  
кірмей, тек кірпігім ғана қимылдап,  
жұртта қалған тастанды күшік  
сияқты шалажансар жатқан  
жерімнен ересек біреулердің тауып  
алып, сыртта тұрған шанаға  
апарып салғанын, үстіме киіз  
жауып қымтап жатқанын еміс-еміс  
білемін.**

**Сөйтсем бұлар аштықтан  
жаппай қырылып жатқан  
қазақ ауылдарын аралап, ең  
болмаса тірі қалған бала-  
шағаны аман алып қалу  
үшін қыстау-қыстауды  
аралап жүрген комсомол  
жасақтары екен.**

**...Бізді Ырғыздағы панасыздар үйіне орналастырды. Онда тіпті қиын екен. Арық-тұрақ, өзі аш балаларды бит жеп өлтіргенін көзім көрді. Қыстың ұзақ түнінде таң алдында түзге ШЫҚТЫМ.**

**Дәретхана деп ойлап, оның қасындағы тақтай қойманың есігін ашып қалғанымда, отынға дайындаған сексеуіл сияқты төбеге дейін тіреп, жиып қойған өзім құрпы кішкентай балалардың өлі денесін көрдім. Сол жерде құлап қалыппын. Артынан біреу-міреу ішке кіргізіп тастапты.**

**...Жазғытұрым ауруханадан шықтым. Киімді беріп жатқан орта жастағы қазақ әйелі еңіреп жылады. Мен «неге жылайсыз?» дедім. Сонда әлгі кісі көз жасын сүртіп: «Осында келген 50 баладан әне бір-екеуің ғана тірі кетіп барасың. Өмірің ұзақ болады екен» деді.**



**...Жаз шыққан соң балаларға ілесіп, қаланың түскей жақ шетінде «Итмола» деп аталатын тұстағы кірпіш басу үшін үңгіп қазған апанға бардым. Нән апандардың ішінде үйген тезекке ұқсатып, кішкентай балалардың басын жиып қойыпты. Бақсам, қыста өлген балаларды көме алмай, апандағы қардың астына тастай беріпті.**

**...Аяғыма әрең тұрып қалаға  
алғаш шыққандағы  
көргендерім: ана көшеде аштан  
өліп жатқан шал, мына көшеде  
ыңырсып қайыр тілеген  
кемпір, жуа теріп құдықтың  
басына барғанымда аштан өліп  
қалған арыстай дәу жігітті  
көрдім.**

**Көшеде өліп қалғандарды күнде  
тәңертең арнайы адамдар келіп,  
жалаңаштап, тау-төбе қылып  
арбаға тиеп алып кетеді.**

**Қаланың шетіндегі үлкен орға  
алып барып тастайды.**

**Бұлардың бәрі ауылдан арып-  
ашып жеткен қазақтар еді.**

**Осы аштықтан Ырғыз  
ауданы адамдарының оннан  
бірі, малының жүзден бірі  
ғана тірі қалды. ... Бір  
шаңырақ астындағы  
үлкенді-кішілі он екі жаннан  
тірі қалған жалғыз мен  
ғана...**



“Т.Г.Невадовская” аштық  
жылдары Қазақстанда өмір  
сүрген орыс қызы. Бар-жоғы 19  
жастағы бойжеткен қынадай  
қырылған қазақтарды көріп,  
қайғылы жыр жазған.  
Аталмыш жырды *ақын* Ұларбек  
Нұрғалымұлы аударған.

*Бұл даланың қасіреті жайында,  
Білмек түгіл, айтқан сөзге сеніп көр.  
Көктем емес, сол көктемнің айында,  
Көз алдымда... мұз құрсаңған өліктер.*

*Қозғалта алмай жатыр әне кірпігін,  
Бәрі-дағы аштан өлген олардың.  
Балалы әйел нан таба алмай бір тілім,  
Тырнағына кетті ілініп ажалдың.*



*Қара жердің қара желі зар илер,  
Өлілердің жыртық төсін жұлмалап.  
Сұлық қалды, шырылдаған сәбилер,  
Суып қалған омырауды тырмалап.*

*Бұл не сұмдық? Кімдер бүйтіп  
қорлаған?*

*Туған жері – өз елінде болса да.*

*Жас өскіндер, тумай жатып сорлаған,  
Жазығы не, жазығы не соншама?*

*Аяқ алып жүре алмайсың өліктен,  
Бұл қорлыққа шыдай алар қай кісі!  
Бәрі жұмбақ:  
Неткен ауыр?  
Неліктен?  
Бұл қазақтың даласының қайғысы.*